«ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ»
мемлекеттік мекемесі

Индексі160024, Шымкент қаласы,
N.Nazarbaev даңғылы, № 10 ғимарат,
тел:8(7252) 24-74-84.
БИН 251040025474

Государственное учреждение
«УПРАВЛЕНИЕ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ШЫМКЕНТ»

Индекс 160024, города Шымкент,
проспектN.Nazarbaev, здание 10,
тел:8(7252) 24-74-84.
БИН 251040025474

08.04.2026ж. № 23-04-01/467

«КҮРЕҢ ТҰЛПАР» қоғамдық бірлестігінің төрағасы
Л.А. Камбарбековаға
БСН 111240007059
Тел.: 8701-436-62-25

Хабарландыру №16538279-1
Лот №83996307-ГСЗ1 бойынша

Шымкент қаласы ішкі саясат басқармасы тарапынан Сіздің мемлекеттік сатып алу рәсімдері аясында жолдаған шағымыңыз қаралды.

Шағымда әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне берілген «5» баллмен келіспейтіндігіңіз және оны «6» баллға көтеру қажеттілігі туралы уәждер келтірілген.

Осыған байланысты, конкурстық комиссия төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесі ұқсас қызметтерді көрсету тәжірибесі ретінде бағаланады және тиісті растайтын құжаттармен дәлелденуі тиіс.

Конкурстық өтінім құрамында ұсынылған келесі келісімшарттар:

- 2012 жылғы №23 келісімшарт;
- 2013 жылғы №31 келісімшарт;
- 2015 жылғы №145 келісімшарт;
- 2016 жылғы №136 келісімшарт.

Зерделеу барысында, аталған жұмыстардың мазмұны сатып алынатын қызметтердің нысанасына толық көлемде сәйкестігі дәлелденбегені анықталды. Атап айтқанда:

- ұсынылған шарттар негізінен жалпы тәрбиелік, патриоттық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталған;
- конкурс шеңберінде сатып алынатын қызметтер қарт адамдарға бағытталған нақты әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыруды, оның ішінде мақсатты топпен жүйелі жұмыс жүргізуді талап етеді;

- ұсынылған құжаттарда дәл осы қарт адамдарға арналған әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыру бойынша нақты орындалған жұмыстар көлемі мен мазмұны толық ашылмаған.

Осыған байланысты, ұсынылған тәжірибе ішінара ұқсас деп танылып, Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес «5» балл қойылды.

Сонымен қатар, Сіздің шағымыңызда көрсетілген «екі жылдан астам және бес жылға дейінгі тәжірибе» туралы уәждеріңіз қаралды. Алайда, конкурстық бағалау кезінде тек тәжірибенің ұзақтығы ғана емес, оның сатып алынатын қызметтің нысанасына сәйкестік деңгейі негізгі өлшем болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, конкурстық комиссия:

Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесіне берілген «5» баллды негізді және Қағидалар талаптарына сәйкес деп таниды;

Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждерді қанағаттандыруға негіз жоқ деп есептейді.

Осыған байланысты, шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.

Басқарма басшысының м.у.а. **М. Кеуенова**

✍: Ә.Омар
☎: 8(7252)24-74-82